bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718
2020

**БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР**

# Абайдың поэмалары. «Масғұт» поэмасы

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 02.11.2020 | https://bilimger.kz/84253/ |

| | | |
|---|---|---|
| *Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:* | *Мектеп: «№83 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі* | |
| *Күні:09.10.2019ж* | *Мұғалімнің аты-жөні: Жарылқапова Перуза Жақсыбайқызы* | |
| *Сынып: 10 «а»* | *Қатысқандар саны:* | *Қатыспағандар саны:* |
| *Сабақтақырыбы* | *Абайдың поэмалары. «Масғұт» поэмасы* | |
| ***Осысабақтақолжеткізілетіноқумақсаттары (оқубағдарламасынасілтеме)*** | *10.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну* | |
| ***Сабақмақсаттары*** | ***Оқушылардың барлығы:*** *мәтіндегі негізгі идеяны ашады, мағынасын түсінеді, сыни тұрғыдан ойлану арқылы мәтінді талдайды;*<br>***Оқушылардың көпшілігі****: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымына талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсінеді,*<br>***Оқушылардың кейбірі****: идея танытудағы авторлық тәсілдеменің қолданысын түсінеді.* | |
| ***Бағалау критерийлері*** | *Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды,*<br>*Сыни тұрғыдан ойлану арқылы мәтінді талдайды;* | |
| ***Тілдік мақсаттар:*** | ***Оқушылар қолдана алады:***<br>*Шығарманың композициялық құрылымын түсінеді;*<br>***Пәндік лексика мен терминология:*** *Абайды тану,әлемге таныту, халықты таныту, білім уағыздаушы, нақылға айналған, ақылмен істеу,т.б. һаруан-Рашид халифа заманында, Бағдат, шаһар, бишара шал,ұры, кез болу, аттан салу, ерлік қылу, қылы жан сақтау, аман-есен құтылу, қарызын өтеу, жеміс ұсыну, ақылға салу т.б.*<br>***Диалог пен жазылымға арналған тілдік қолданыстар:***<br>*Менің ойымша...*<br>*Менің байқауымша...*<br>*Шығарма жайында былай ойлаймын...*<br>*Ойымды қорыта келе:* | |
| ***Құндылықтар:*** | *Адами қасиет, тәлім-тәрбие, достық, татулық*<br>*Зерттеген мәселе бойынша өмірлік ұстаным* | |
| ***Пәнаралық байланыстар*** | *тарих* | |
| ***АКТ қолдану дағдылары*** | *Интербелсенді тақта арқылы тапсырмалармен танысады.* | |
| ***Бастапқы білім*** | *Абай Құнанбаевтың « отыз екінші» қарасөзі* | |

***Сабақбарысы***

| ***Сабақтың жоспарланған кезеңдері*** | ***Сабақтағыжоспарланғаніс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
|---|---|---|
| *Сабақтың басы*<br>*5мин* | ***Ұйымдастыру кезеңі:***<br>***1.Миға шабуыл***<br>***«Сезім мүшелері» әдісі***<br>*Оқушылар алдымен «Сезім мүшелері» әдісі бойынша шеңберге тұрады. Барлығы бір-бірінің қолдарынан ұстайды. Мұғалім хош иісті балауыз шамын жағады. Сынып бөлмесіндегі балауыз шамнан шыққан хош иіс пен жылы лептің оларға қалай әсер еткенін, бүгінгі сабақтан не күтетінін сұрайды. Оқушылар өз ойларын айтады, бір-біріне жылулық пен жақсы көңіл- күй тілейді. Барлығы бүгінгі сабақ барысында бір сөзбен әрқайсысына сәттілік тілеп орындарына отырады.*<br>*«Болжау» әдісі*<br>*Тақтада суреттер көрсетіледі, сурет аясында сабақтың тақырыбына болжам жасайды, анықтайды.*<br><br>*Оқушылар пікір алмасып болғаннан кейін мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатын сынып оқушыларымен бірлесе отырып анықтайды. Сабақ барысында мақсатты нәтижеге жету үшін тапсырмалар бойынша бағалау критерийін жасайды* | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

*Сабақтыңортасы*
*10 мин*

***2.Қызығушылығын ояту . Топтық жұмыс.***
***1-тапсырма. Оқушылар «Талдап білу» әдісі арқылы «Масғұт» шығармасының мазмұнымен танысады.***
***«Талдап білу»әдісі***
*Оқушылар топ ішінде өзара атқаратын қызметтерін бөліп алады.*
***Баяндаушы —** поэманың тақырыбын, идеясын анықтайды.*
***Байланыстырушы** – оқиға бойынша сұрақ дайындайды.*
***Дәнекерші** — поэмадан алынған үзіндідегі мәселені өмірмен байланыстырады.*
***Қорытындылаушы**— оқиғаның шешіміне қорытынды айтып, баға береді.*

*10 мин*

***Дескриптор:***
***Шығарма мазмұнын түсінеді.***
***Үзіндідегі мәселені өмірмен байланыстырады.***

***«Теориялық түсінік»***
*Композиция деген не?Әдеби тек пен түр.*

***2-тапсырма. Жұптық жұмыс***
***«Көршіңмен бөліс» әдісі. Шығарманы құрылымдық кезеңдерге бөлу***

| ***Композициясы*** | ***Осы кезеңде танылған идея*** | ***Идеяны танытуда қолданылған авторлық тәсілдеме(Фабула)*** |
|---|---|---|
| *Шығарманың басы* | | |
| *Шығарманың байланысы* | | |
| *Шығарманың дамуы* | | |
| *Шығарманың шиеленісі* | | |
| *Шарықтау шегі* | | |
| *Шығарманың шешімі* | | |

*5 мин*

*5 мин*

***Дескриптор:***
*Шығарманың композициялық құрылымын талдайды,*
*Шығармаға жанрлық түсініктеме береді,*

*5 мин*

*3-тапсырма. Жеке жұмыс*
***«Сюжеттік кесте» Сюжеттік кестеге сүйене отырып, оқиғалар күнделігін толтыру.***

| ***Кім?*** | ***Не?*** | ***Қашан?*** | ***Қайда?*** | ***Неге?*** |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

***Қалыптастырушы бағалау. «Төрт сөйлем» әдісі***
*Шығарманың негізгі идеясы қандай деп санайсың?*
*Шығарманы кімдерге оқуды міндеттеп ұсынар едің? Неге?*
*Шығарманың қай бөлігі саған ерекше әсер етті? Неліктен?*
*Шығарманың тәрбиелік мәні неде?*

*Сабақтың соңы*
*3мин*

***Кері байланыс: «Пайдалы үш нәрсе» тәсілі.***
***Оқушылар «Пайдалы үш нәрсе» тәсілі арқылы өзін-өзі бағалап, тексереді.***
*1.Бүгінгі сабақта сен қандай пайдалы үш нәрсе жасадың?*
*2.Сен келесі сабақты қалай өзгертер едің?*
*3.Оны қалай өзгертесің?*

| ***Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?*** | ***Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?*** | ***Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы*** |
|---|---|---|
| | | |

| ***Сабақбойыншарефлексия*** | ***Бұлбөлімдісабақтуралыөзпікіріңіздібілдіруүшінпайдаланыңыз. Өзсабағыңызтуралысолжақбағандаберілгенсұрақтарғажауапберіңіз.*** |
|---|---|
| | |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.